


ЕЛОРДАМЕН ҚАТАР ӨРКЕНДЕГЕН

5-БЕТ | МЕРЕЙ



ҚҰРБАН АЙТ – ІЗГІЛІК МЕЙРАМЫ

6-БЕТ | ИМАНТАРАЗЫ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Оқу-білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін де, болмаса басқа түрлі өнерпаз болу үшін де, ең алдымен білім керек.

Ғабит МҮСІРЕПОВ

№61
(4959)
Сейсенбі
26 мамыр
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛЕДІ

27-29 мамыр күндері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қазақстанға Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин мемлекеттік сапармен келеді.

Мемлекеттер басшылары келіссөздер барысында Қазақстан мен Ресей арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестіктің және одақтастық қатынастардың қазіргі жай-күйін, сондай-ақ оны нығайту перспективасын талқылайды. 28 мамырда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер басшыларының қатысуымен Еуразиялық экономикалық форум өтеді. 29 мамырда Жоғары Еуразиялық кеңестің отырысы ұйымдастырылады.



ТҮЛЕКТЕР ҚАНАТ ҚАҚТЫ

Биыл елімізде 215 мыңнан астам жас түлек мектеппен қоштасты. Жалпы ел бойынша 3,9 миллионнан астам оқушы оқу жылын аяқтады. Ал Астанада 11-сыныпты 16 мыңнан астам түлек бітірсе, оның ішінде 650 оқушы «Алтын белгіге», 1202 оқушы үздік аттестатқа үміткер атанып отыр. Кеше елордадағы барлық білім беру ұйымында 2025-2026 оқу жылының аяқталуына байланысты 1-11 сынып оқушылары арасында «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында «Заң мен тәртіп – халық Конституциясының құндылықтары» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті.

30-31 МАМЫР
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ


ЖӘРМЕҢКЕ САҒАТ 10:00-ден 19:00-ге ДЕЙІН ӨТЕДІ.
ӨТЕТІН ОРНЫ:
«KERYEN JOLY» САУДА ОРТАЛЫҒЫ, АЛАШ ТАСЖОЛЫ, 35Б.

Айт намазы **27 мамыр** күні таңғы сағат 06:00-де қаланың барлық мешітінде оқылады. Құрбандық шалу рәсімі күн сайын сағат 07:00-ден 18:00-ге дейін тек ресми түрде бекітілген төменде көрсетілген мамандандырылған орындарда ғана жүргізіледі:

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ ОРЫНДАРЫ

- «Шанхай» базары – Алаш тасжолы, 34/6;
- «Баракат» базары – А 369 көшесі, 10;
- «Жайлау» базары – Алаш тасжолы, Ц 313 көшесі;
- «Шәуешен» шаруа қожалығы – Алаш тасжолы, 136Б.
- «Ет-Хан» ет цехы – Теміржолшылар тұрғын алабы, Ақжар көшесі, 20.

Мереке қарсаңында тұрғындар санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық талаптарды сақтауы қажет. Сонымен қатар, мал соңдан қалған қалдықтарды белгіленген тәртіппен кәдеге жарату керек, оларды тұрмыстық қалдыққа арналған контейнерлерге тастауға тыйым салынады.



12 МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Жаңа оқу жылы ішінде тағы 12 оқу орны ашылады. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек желідегі парақшасында жариялады.

Қала әкімі елордада мектеп салу және балалар үшін жайлы білім беру ортасын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын мәлім етті.

«Бірқатар мектеп пен оқушылар сарайының құрылыс барысымен таныстым. Жаңа оқу жылы ішінде тағы 12 оқу орнын ашамыз. Мәселен, соңғы жылдары 44 мектеп салдық. Осы шаралар қолданыстағы мектептерге түсетін салмақты едәуір азайтып, қосымша оқушы орындарын ашуға мүмкіндік берді. Әлеуметтік инфрақұрылымға қажеттілік жоғары аудандарға айрықша назар аударып отырмыз. Сондай-ақ биыл тағы екі Оқушылар сарайы мен алты балабақша ашу жоспарланып отыр. Оқу және білім беру орталықтарының құрылысына жеке инвестициялар да жұмылдырылды» деді қала әкімі.

Жеңіс Қасымбек 2027 жылға арналған дайындық жұмысы жүріп жатқанын атап өтті. Жобалық және қала құрылысына қатысты құжаттамалар әзірлеу ісі қолға алынған. Бас жоспарға сәйкес, 2035 жылға дейін қалада 140-қа жуық жаңа мектеп салу көзделіп отыр.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 545.99 $ USD/KZT 470.8 ₽ RUB/KZT 6.6 ¥ CNY/KZT 69.29

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№61 (4959) 26/05/2026 Сейсенбі



МӘЖІЛІС 89 ЗАҢ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа конституциялық реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету бойынша Палатаның атқарған қызметі туралы мәлімет берілді.

Мәжіліс Спикерінің айтуынша, Парламент жаңа Ата заңның нормаларын іске асыруға жол ашатын жеті конституциялық заңды сапалы әрі уақтылы қабылдады. Соның ішінде «Президент туралы», «Құрылтай және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Халық Кеңесі туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» және басқа да конституциялық заңдар бар. Аталған жұмыс қоғам өкілдерінің және сарапшылардың қатысуымен ашық жүргізілді.

Жалпы, Мәжіліс сессиясы басталғаннан бері 89 заң қабылданып, Сенатқа жолданған. Олардың арасында Құрылыс, Цифрлық кодекстер, жасанды интеллект, банк және банк қызметі, құқықбұзушылықтың алдын алу, Қылмыстық және Қылмыстық-процессуалдық кодекстерге өзгерістер енгізу, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік наградалар, ғылым мәселелері, педагог мәртебесін көтеру, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, жеке сот орындаушылар қызметі және басқа да заңдар бар.

Қазір депутаттардың қарауында 80 заң жобасы жатыр. Оның қатарында жаңа Конституция қабылдауға байланысты рақымшылық жариялау, жол қозғалысындағы цифрландыру мен қауіпсіздік, жергілікті өзін-өзі басқару, телекоммуникация нарығын дамыту, машина жасау саласын дамыту, техникалық және кәсіптік білім беру, нотариат және басқа да мәселелер туралы заң жобаларын айтуға болады.

Ерлан Қошановтың айтуынша, Мәжіліс сессия соңына дейін Жоғары аудиторлық палата төрағасының ғылымды дамытуға бөлінген қаржыны орынды жұмсау, былтырғы республикалық бюджетті игеруге қатысты Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның есебін және депутаттардың аймақтарға сапары кезінде сайлаушылар тарапынан түскен өтініштердің нәтижелері бойынша Үкіметтің ақпаратын тыңдауды жоспарлап отыр. Мәжіліс заң шығару ісінде ашықтыққа және сарапшылық топпен ынтымақтастыққа баса назар аударады. Қоғамдық палата отырыстары тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа парламенттік дипломатия бағытындағы жұмыс қорытындылары, атап айтқанда, ТүркіПА, ТМД Парламентаралық ассамблеясы және басқа парламентаралық ұйымдармен ықпалдастық жайында баяндалды.

АЗЫҚ БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен Үкіметте азық-түлік инфляциясы мен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының қазіргі жағдайы қаралды. 2026 жылдың сәуір айының қорытындысы бойынша азық-түлік инфляциясы 0,7%-ды құрады. Жылдық инфляция баяулап, 11,3%-ға дейін төмендеді (2025 жылдың желтоқсанында – 13,5%, қаңтарда – 12,9%, ақпанда – 12,7%, наурызда – 11,7%).

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының индексі қатарынан үшінші апта бойы 0% деңгейінде сақталуда. Бағаның тұрақтануына негізгі үлесті Астана және Алматы қалалары (өсім – 0%), Шымкент қаласы мен Түркістан облысы (-0,1%), Алматы облысы (-0,5%), Ақмола облысы (-0,9%) сияқты ірі өңірлер қосып отыр. Бағаның ең көп төмендеуі қызанақ (-25,6%), қырыққабат (-18,7%), сондай-ақ күнбағыс майы, балық, қарақұмық жармасы мен ұн бойынша тіркелді. Сонымен қатар кейбір көкөніс түрлері бойынша өсім сақталуда. Мысалы, пияз – 28,6%-ға, сәбіз – 15,7%-ға, картоп – 10,4%-ға қымбаттады. Жаңа піскен өнімдер саудаға шығарылған сайын баға динамикасы да тұрақталады деп күтілуде.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижановаңың айтуынша, биыл ішкі нарықты жаңа піскен көкөністермен қамту тұрақты әрі жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл «Жасыл дәліз» тетігін жүзеге асыру және ішкі нарықты импорттық өніммен толықтыру есебінен қамтамасыз етілді. «КТЖ Express» желісі арқылы көрші елдерден шамамен 20 мың тонна картоп, 10 мың тонна сәбіз, 6 мың тоннадан астам пияз және 22 мың тонна қырыққабат жеткізілді. Бұл маусымдық ауытқуларды азайтып, жергілікті өнім жаппай піскенге дейін нарықтағы ұсыныстың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлының мәліметінше, Түркістан облысында ерте пісетін қырыққабатты жинау жалғасуда. 22 мамырдағы жағдай бойынша жоспарланған 263,6 мың тоннаның 158,6 мың тоннасы жиналған. Жалпы биыл 221,1 мың тонна картоп, 58,8 мың тонна пияз және 34,7 мың тонна сәбіз жинау жоспарланып отыр. Негізгі көлемді Түркістан облысы қамтамасыз етеді. Оған қосымша Алматы және Жамбыл облыстарынан келеді деп күтілуде.

Сонымен қатар өнім өткізу тізбегіндегі тиімсіз делдалдарды жою және тауар қозғалысы жүйесін ретке келтіру жұмыстары жалғасуда. Жыл басынан бері әкімшілік айыппұлдар саны 14,5%-ға артты, 1,5 мыңнан астам әкімшілік іс қозғалды. Бөлшек саудадағы 3,5 мыңнан астам сауда субъектісін өніммен қамтамасыз ететін 400-ден астам көтерме сауда жеткізушісі жауапкершілікке тартылды. Сауда және интеграция бірінші вице-министрінің айтуынша, тауар өткізу желілеріне цифрлық талдау жүргізу жалғасуда. Жыл басынан бері 17 мыңнан астам электронды шот-фактура тізбегі талданып, сауда, салық және монополияға қарсы заңнаманы бұзудың шамамен 2,5 мың тәуекелі анықталды. Сауда үстеме бағаларын негізсіз арттыру фактілері тұрақты бақылауда. Жұмыс заңбұзушылықтардың жолын кесуге де, жосықсыз әрекеттердің алдын алуға да бағытталған.

Айжан Бижанова Астанада NU жанындағы Ұлттық аналитикалық орталық пен Magnum сауда желісі бірлесіп жүзеге асырған отандық өнімдерді ілгерілету экспериментінің нәтижелерін таныстырды. Жоба аясында дүкендерде төрт апта бойы «Қазақстанда жасалған» таңбалауына басымдық берілген баннерлер, стикерлер, сөре таспалары және аудиохабарландырулар қолданылған. Нәтижесінде пилоттық жоба жүзеге асырылған дүкендерде қазақстандық ірімшік сатылымы 20%-ға өскен. 1 шілдеден бастап жобаны Қазақстан бойынша ауқымды түрде тарату жоспарлануда.

Жиын соңында Серік Жұманғарин бақылау шараларын күшейтуді, оңтүстік өңірлердің өндірушілерімен ерте пісетін көкөністер бойынша келісімшарттар жасауды жалғастыруды және өңірлерді арзандатылған астықпен қамтамасыз етуді тапсырды.

ӘКІМНІҢ ҚЫЗМЕТІН ОҢ БАҒАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы туралы мәлімет берілді.

Астанада барлық басты экономикалық көрсеткіштер бойынша оң қарқын байқалады. Биылғы төрт айда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 588 миллиард теңгені құрады. Бұл былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 9,1 пайыз жоғары. Олардың арасында өңдеу өнеркәсібі, білім, медицина, көлік, сауда, логистика салаларына қатысты жобалар бар.

Бүгінде Astana LRT жеңіл рельсті көлік желісі толық жұмыс істеп тұр. Елордаңың қоғамдық көлік жүйесін жандандыру мақсатында жобаның екінші кезеңі пысықталуда. Қала әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік нысандардың құрылысы, тұрғын үй алаптарын көркейту жөнінде айтты. Соңғы жылдары Астанада 44 мектеп салынған. Ал жаңа оқу жылында 12 білім ошағы ашылады. Сонымен қатар 2 оқушылар сарайын және 6 балабақшаны ел игілігіне беру жоспарланып отыр. 2028 жылға дейін 2 перинаталды орталық, көпбейінді аурухана және диагностикалық кешеннің құрылысы аяқталмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қаланың инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымы, Smart City жобасының іске асырылуы туралы баяндалды. 2026 жылы 173 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыру, 1,1 миллион түп жасыл желек егу көзделген. Кездесу соңында Мемлекет басшысы Астана әкімі Жеңіс Қасымбектің қызметін оң бағалап, елорданы одан әрі дамытуға қатысты бірқатар тапсырма берді.



БАЙЛАНЫСТАРҒА СЕРПІН БЕРЕДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек пен Токио губернаторы Юрико Коике келіссөздер өткізді.


Келіссөздер барысында тараптар тұрақты даму, цифрландыру және қалалық инфрақұрылым салаларындағы озық шешімдермен алмасуды одан әрі кеңейтуге өзара мүдделігін растады. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2025 жылғы Жапонияға сапары аясында қол қойылған Астана мен Токио арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумды іске асыру екі ел арасындағы іскерлік, туристік және мәдени байланыстарды жандандыруға қосымша серпін береді.



БАЛАНЫҢ ГАДЖЕТІН ҚАЛАЙ БАҚЫЛАЙДЫ?

Қазақстандық қоғамдық даму институты жүргізген зерттеу нәтижесіне сәйкес, сауалнамаға жауап бергендердің 43%-ы балалар құрылғыларын бақылауға мүмкіндік беретін түрлі бағдарламаларды қолданатынын айтыпты.

Ал респонденттердің 14,8%-ы баланың орналасқан жерін бақылауға арналған арнайы құрылғылар пайдаланатынын көрсеткен. Сонымен қатар ата-аналардың 10,3%-ы мұндай бақылауды баланың жеке кеңістігіне араласу деп санайтынын айтып, бұл әрекетті құптамайтынын жеткізіпті. Тағы 10%-ы балалар гаджеттерін бақылауға уақыт таппайтынын ашық айтыпты. Зерттеу барысында респонденттердің басым бөлігі – 58,9%-ы балалардың экран уақытын бақылауға қатысты сұраққа жауап беруден бас тартқан. Сарапшылардың пікірінше, зерттеу нәтижелері балалардың цифрлық қауіпсіздігі мен ата-аналық бақылау мәселесі Қазақстан отбасылары үшін өзекті тақырыптардың біріне айналғанын көрсетеді.





ЭКОПАРКТІ АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ БАСТАЛДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек кіші Талдықөл маңайында абаттандыру жұмысы жүріп жатқаны туралы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

– Елордамызды көгалдандыру және көркейту жұмысын ауқымды жүргізіп жатырмыз. Биыл 170-тен астам аула мен қоғамдық орынды (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) абаттандырамыз. Сондай-ақ биыл 1,1 миллионнан астам жасыл желек, атап айтсақ, көшеттер, бұталар, ағаштар отырғызамыз. Абаттандыру жұмысы Астананың барлық ауданын қамтиды, – деді шаһар басшысы.

Қаланың маңызды жобаларының бірі – кіші Талдықөлдегі экопарк. Мұнда абаттандыру жұмысы кезең-кезеңімен жүргізіледі.

– Қазіргі уақытта аумақта дайындық және инженерлік жұмыс басталды. Жоба аясында су қоймасының жекелеген учаскелерін тазарту, түбін тереңдету жұмысы, аумақты дайындау және болашақ экопарктің базалық инфрақұрылымын қалыптастыру жұмысы жүріп жатыр, – деді елорда әкімі.

Айтуынша, биыл мынадай іс-шаралар жоспарланып отыр:

– сүзгі жүйесі бар техникалық бөлмелердің құрылысы;

– акваторияда су деңгейін сақтау үшін ұңғымаларды іске қосу;

– алғашқы серуендеу бағыттарын құру;

– аумақты ауқымды көгалдандыруды бастау.

«Осы күзде ағаштар мен жасыл желектер отырғызудың бірінші кезеңі басталады. Жұмыс табиғи ортаны және қолданыстағы ландшафты барынша сақтай отырып жүргізіледі» деді қала басшысы.

Келесі жылы жоспарланып отырған іс-шаралар:

– серуендеу бағыттары мен экологиялық жаяу жолдарды аяқтау;

– уақытты тыныштықта өткізуге арналған орындар ашу;

– ауқымды көгалдандыру;

– аумақтың табиғи экожүйесін қорғау және сақтау бойынша шешімдерді жүзеге асыру.

– Жобаның негізгі міндеті – қала іргесінде табиғатқа және биоалуантүрлілікке зиян келтірмей, уақытты тиімді өткізуге арналған табиғи кеңістік құру, – деді Жеңіс Қасымбек.

БАС ЖОСПАРҒА ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗІЛДІ

Кеше елорданың Қоғамдық кеңес мүшелері Астана қаласының Бас жоспарына енгізілетін түзетулерді талқылады. Айта кетейік, 2035 жылға дейінгі Бас жоспар жаңа жобалар мен көлік жүйесіне сәйкес түзетіліп отыр.



Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Нақты айтқанда, инвестициялық жобалар, әлеуметтік инфрақұрылымды кеңейту және ауқымды көлік құрылымын жаңарту ескерілген. «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ бас директоры Руслан Жақыповтың айтуынша, бұл – елордаға одан әрі дамуына арналған жаңартылған құжат. Қала бүгінде бұрынғы болжамдардан да жылдам дамып келеді. Түзетілген Бас жоспар мектеп пен балабақшалар, медициналық мекемелер мен спорт нысандарын салуға, сондай-ақ жол желісі мен қоғамдық көлікті дамытуға бейімделген. Яғни, Бас жоспарды түзету жобасы аясында түрлі бағыттар бойынша шамамен 300 инвестициялық жоба ұсынылды, олардың 130-на түзетулер енгізілді.

Айта кетейік, түзетудің маңызды кезеңдерінің бірі – көлік инфрақұрылымын дамыту. Елордада көлік жүктемесі жоғары аймақтарды жеңілдету үшін екі деңгейлі жолайрықтар мен жаңа магистральдар салу көзделіп отыр. Сонымен қатар мамандар қоғамдық көлікті одан әрі дамытуға, оның ішінде LRT желісін кеңейтуге және қарқынды дамып жатқан аудандарға жаңа бағыттарды енгізуге басымдық беруде.

Әлеуметтік инфрақұрылымда да елеулі өзгерістер болады. Бас жоспар Астана халқының алдағы өсімін ескереді. Болжам бойынша, 2035 жылға қарай қала халқы 2,3 миллион адамға жетуі мүмкін. Бұрын бекітілген құжатта 164 мектеп, 178 балабақша және 93 денсаулық сақтау нысанын салу қарастырылған еді. Енді бұл көрсеткіштер жаңа тұрғын алаптарының дамуы мен ірі инвестициялық жобалардың құрылысына байланысты нақтыланды.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ТАРИФТЕРІ ӨСЕ МЕ?

Мемлекет басшысының тапсырмасымен былтыр қарашаның 1-інен бастап 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуіне мораторий жарияланған болатын. Осыған орай, Астана қаласында «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өндірісті локализациялау» тақырыбында семинар-кеңес өтті.



Мемлекеттік органдардың, табиғи монополиялар субъектілерінің, отандық тауар өндірушілердің өкілдері, сондай-ақ салалық сарапшылар мен бизнес қауымдастық өкілдері қатысқан семинар аясында өндірістерді локализациялау, қазақстандық өндірушілердің ЭКСЖ жобаларына қатысуы, стандарттау, кәсіпорындар кооперациясы, тариф қалыптастыру және отандық өнімді жобалау-сметалық құжаттамаға енгізу мәселелері талқыланды.

«Астана АЭК» АҚ Басқарма төрағасы Руслан Әбжанов маусым айынан бастап электр энергиясының тарифі 12,5%-ға көтерілуі мүмкін екенін мәлімдеді. Айтуынша, компания электр энергиясының шекті бағасын 1 кВт·сағ үшін 31,18 теңгеден 35,07 теңгеге дейін ұлғайтуға өтінім берген; KEGOC қызметтерінің құнын арттыру; қуат нарығындағы шығындардың өсуі, сондай-ақ сараланған тарифтерді қолдану және тарифтердің өсуіне мораторий қолдану салдарынан туындаған шығындарды өтеу қажеттілігі. Сонымен қатар, Әбжанов атап өткендей, тарифке елордада электр энергиясын тұтыну көлемінің артуы әсер етті. Өз тарапымнан жұмысшылардың жалақысының өсуін, тариф құрылымын азайтуға арналған шаралардың барысын, бюджеттік мекемелердің тарифін азайту мүмкіндігін қарастыруды сұрадым.

Кендебай АДАМБЕК

ЗАМАНАУИ СПОРТ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Астананың Байқоңыр ауданындағы «Ататүрік» саябағында заманауи Fly Park экстремалды скейт алаңы ашылды. Жаңа нысан «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жүзеге асып, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған.

Fly Park аумағында 6 трюктік элемент орнатылған. Құрылымның биіктігі 3,5 метрден асады, ал алаң бір мезетте 25 адамды қабылдай алады. Жаңа алаң жастардың белсенді демалысын ұйымдастыруға және экстремалды спорт түрлерін дамытуға бағытталған. Мұнда BMX велосипедтері, трюк жасайтын самокаттар мен скейтборд тебуге арналған арнайы аймақтар қарастырылған.

Алаңның ашылу құрметіне орай шағын жарыстар ұйымдастырылып, оған қала тұрғындарымен қатар, жақын маңдағы өңірлердің тұрғындары да қатысты. Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманбердінің айтуынша, жаңа нысан жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және бұқаралық спортты дамытуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ осы күні «Астана есірткіге қарсы» акциясы өтті. Онда салауатты өмір салтының маңызы, есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алу және зиянды әдеттердің орнына спорт пен белсенді демалысты таңдаудың қажеттілігі туралы айтылды.

Бүгінде қала бойынша экстремалды спорт түрлерімен 2000-нан астам адам жүйелі түрде айналысады. Осыған байланысты жаңа спорт кеңістігінің ашылуы – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, спорт инфрақұрылымын дамытуға және қала тұрғындарының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға үлкен мүмкіндік.

АВТОБУС СҮЙРЕП РЕКОРД ЖАҢАРТТЫ

Астанада 55 жастағы бастауыш сынып мұғалімі, әлем чемпионы Айгүл Ержанова салмағы 13,5 тонналық автобусты жалғыз өзі сүйреп, әлем рекордын жаңартты. Көпті таңғалдырған ерекше оқиға Астанадағы №1 автопаркте өткізілді.

Спортты қолдау аясында «№1 Автобус паркі» АҚ ұйымдастырған іс-шараға БАҚ өкілдері мен автопарк қызметкерлері, Азия мен Африка бойынша GLOBAL BEST RECORDS ұйымдарының әлемдік рекордтарды тіркеудегі бас офицері Қуандық Құдайбергенов қатысты. GBR офицері алдымен автобустың, таңдалған орынның талаптарға сай келетініне әбден көз жеткізіп, рәсімді өткізуге рұқсат берді.

Әлем чемпионы кезекті рекорд орнату рәсіміне үлкен дайындықпен келген. Ауыр атлет автобусты сүйреуді сағат 09:49-да бастап, 09:50-де аяқтады, яғни небәрі 1 минутта 10 метрге жеткізді. Шараға куә болғандар бұған ерекше таңғалып, мұның үлкен ерлік екенін айтты.

Спорт пен педагогика саласын қатар алып жүрген Айгүл Ержанова Астанадағы №50 мектепте сабақ береді. Білім берудегі ерен еңбегі үшін ол бұған дейін Президент Қ.Тоқаевтың қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» марапатын иеленген. Сондай-ақ спортқа аяқ басқан



алғашқы 1,5 жылдың ішінде ауыр атлетикадан 45 медаль иеленген, 8 рекорд орнатқан, оның ішінде ауыр жүк көліктерін сүйреу де бар. Былтыр мұғалім жалпы салмағы 8 тонна болатын екі пикап көлігін 57 метрге тартқан еді.

GVR-дың ресми өкілі Қуандық Шыңғысұлының айтуынша, бұған дейін әлемде осы тектес рекордтар болған, бірақ 50 жастан асқан әйелдер арасында ауыр салмақтағы автобустарды тартып көргендер тіркелмеді. Дүниежүзілік рекордтар кітабы қазір 89 мемлекетті біріктіріп отыр. 2026 жылғы Дүниежүзілік рекордтар кітабына Айгүл ханымның аты екінші рет енеді. Іс-шара барысында GBR офицері Айгүл Ержановаға ұйымның алтын медалін табыстады.

№61 (4959) 26/05/2026 Сейсенбі

ТҮЛЕКТЕР ҚАНАТ ҚАҚТЫ

Астана қаласы коммуникациялар қызметінің алаңында 2025-2026 оқу жылының қорытындысы, аттестаттау, мектеп бітіру іс-шаралары, бірінші сыныпқа қабылдау, жазғы демалысты ұйымдастыру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы баспасөз мәслихаты өтті.



Брифингке Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржангүл Қайырбаева мен Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы Серік Әділбаев қатысты. Спикерлердің айтуынша, бүгінде елордада 314 964 оқушы білім алатын 206 орта білім беру ұйымы жұмыс істейді. Оның ішінде 124 мектеп – мемлекеттік, 75 мектеп – жекеменшік, тағы 7-еуі – республикалық білім беру ұйымдары.

25 мамыр күні Астана мектептерінде 2025-2026 оқу жылы ресми түрде аяқталды. Биыл 9-сыныпты 24 мыңнан астам, 11-сыныпты 16 мыңнан астам түлек тәмамдады. Олардың ішінде – 1 202 оқушы үздік аттестатқа, ал 650 оқушы «Алтын белгіге» үміткер.

Білім басқармасының мәліметінше, елорда мектептерінде «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы аясында «Білімім – Отаныма!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Білім басқармасы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес мейрамханаларда, кафелерде және өзге де ойын-сауық орындарында бітіру кештерін өткізуге жол берілмейтінін еске салды. Аттестат тапсыру рәсімдері тек мектеп қабырғасында ұйымдастырылуы тиіс.

Бұл талаптар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалардың алдын алуға, сондай-ақ ата-аналарға түсетін қаржылық жүктемені азайтуға бағытталған.

Сонымен қатар мерекелік дастархан жаюға, автокеруен ұйымдастыруға, аниматорлар мен агенттіктерді тартуға, мұғалімдер мен мектеп әкімшілігіне сыйлық алу үшін ақша жинауға тыйым салынады. Әлеуметтік теңдікті сақтау мақсатында түлектерге мектеп үлгісіндегі киім кию ұсынылды.



Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Білім басқармасы Полиция департаментімен және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, бітіру іс-шаралары кезінде тәулік бойы рейдтік жұмыстар жүргізеді.

Астана мектептерінің бірінші сыныптарына құжат қабылдау 27 мамырда басталып, 2026 жылғы 31 тамызға дейін жалғасады. Жаңа оқу жылында 34 мыңнан астам баланы бірінші сыныпқа қабылдау жоспарланып отыр. Өткен жылы елорда мектептеріне 32 631 бала қабылданған. Бірінші сыныпқа алты жасқа толған немесе биыл алты жасқа толатын балалар қабылданады. Құжаттар eGov.kz арқылы OQU платформасында электронды форматта тапсырылады.

Жазғы каникул кезінде елордада 1-10 сынып аралығындағы 242 мыңнан астам оқушыны түрлі демалыс және жұмыспен қамту шараларына тарту жоспарланып отыр. Оның ішінде 11 мыңға жуық бала – әлеуметтік осал санаттағы оқушылар. 75 мыңнан астам бастауыш сынып оқушысы мектеп жанындағы лагерьлерге қатысады. Ал 5-10 сынып оқушылары үшін «Оқитын ұлт: OZYQ ULT», «Болашақ LAB», «GREEN CITY: Балалар таңдауы», «Әділет CAMP», Smart Bala және «САЯХАТ & СПОРТ» бағдарламалары ұйымдастырылады. Сонымен қатар елордадағы 32 мектеп жанында ұлттық құндылықтарды насихаттайтын «Атамекен» этнолагерьлері жұмыс істейді. Жекеменшік мектептер базасында 35 мыңнан астам баланы жазғы демалыспен қамту көзделген. Тағы 2 681 бала жергілікті бюджет есебінен қала сыртындағы сауықтыру лагерьлеріне жіберіледі.

Жаз мезгілінде әл-Фараби және М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайлары мен «Таным» кешені базасында KIDSHUB Tanym, «Жұлдыздар академиясы», Sport Mix және Eco Life жобалары іске асырылады.

Сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің дене белсенділігін арттыруға бағытталған «Дидарлы жаз – 2026» жобасы жалғасады. «Барап» сауықтыру лагерінде жаз маусымында шамамен 1 600 бала демалады.

Баспасөз мәслихатында балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғау мемлекеттік органдар жұмысының басым бағыты болып қала беретіні айтылды. «Қазақстан балалары» бағдарламасы аясында өңірлік жоспар бекітіліп, «Баланың қауіпсіздікке құқығы» бағыты бойынша 50-ден астам іс-шара жүзеге асырылып жатыр. Жыл басынан бері өмірлік қиын жағдайдағы балаларды анықтау бойынша 230 жедел шығу ұйымдастырылып, 400-ге жуық профилактикалық рейд жүргізілген. Сонымен қатар балалар үшін қауіпсіз инфрақұрылым қалыптастыру бағытында тұрғын үйлерге мониторинг жүргізіліп, шатырға шығуға мүмкіндік беретін 200-ге жуық ашық люк жабылғаны жөнінде мәлімет берілді.

ТАҒЫЛЫМ СЫЙЛАҒАН КҮН

Елордамыздағы Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейінен жүрекке жылу сыйлаған ерекше күн – 25 мамырда 49 жас түлек қанат қағып ұшып, үлкен өмірге жолдама алды. Осылайша, бұл – мектеп табалдырығын кеше ғана аттаған бүлдіршіндер үшін алғашқы белес, ал түлектер үшін балалықпен қоштасып, болашаққа батыл қадам басатын айтулы сәт.



Салтанатты іс-шара биыл «Тұлға еткен мектебім» атауымен ұйымдастырылып, жас ұрпаққа тағылымы мол, тәрбиелік мәні зор рухани кешке айналды, ұлттық құндылық пен білімнің қадірін ұлықтады. Ғұлама ғалым Әлкей Хақанұлының «Білімді адам – өз халқының асыл мұрасын бойына сіңірген жан», «Өз еліңнің тарихын білмесең, өзіңді де толық танымдым деп айта алмайсың», «Дүниені тану, білімге талпыну – әрбір адамның өміріндегі ең асыл мұраттың бірі» деген тағылымды сөздері шәкірттердің жүрегіне жол тауып, олардың бойында елге, білімге, тарихқа деген сүйіспеншілігін арттырды.

Кезекті оқу жылының мәнін тереңдете түскен тағы бір ерекшелік – Әлихан Бөкейханның 160 жылдығы, «Айқап» журналының 115 жылдық мерейтойы және білім ордамызда ашылған Әлкей Марғұлан музейінің 20 жылдығы. Ұлт руханияты үшін маңызды даталар ұстаздар мен оқушылардың жүрегіндегі елдік рухты бұрынғыдан да асқақтата түсті. Тағы бір айта кететіні, мектеп өміріндегі үзілмес игі дәстүр – 17 жылдан бері табысталып келе жатқан «Әлкей Марғұлан сыйлығы» биыл да өз жалғасын тапты. «Үздік оқушы», «Зерделі оқушы», «Парасатты, мәдениетті оқушы», «Өнерпаздар мен өнертапқыштар», «Жыл спортшысы», «Жас оқырман», «Сегіз қырлы, бір сырлы» номинациялары бойынша үздік деп танылған шәкірттер марапатталып, олардың еңбегі мен талабы көпшілік алдында лайықты бағасын алды.

Жұлдыз БАЛҒАБАЙҚЫЗЫ,
Астана қаласы Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Бетті дайындаған **Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

ҮЗДІК ОҚУШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Астанада Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрында жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі өтті.

Олимпиаданың қорытынды кезеңіне еліміздің барлық өңірлерінен 547 оқушы қатысып, нәтижесінде 240 оқушы жүлделі орындарға ие болды.

Салтанатты жабылу рәсіміне Оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарова, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Тимур Давлет, жоғары оқу орындарының ғалымдары, сондай-ақ өңірлік «Дарын» орталықтарының өкілдері қатысты.

Олимпиада жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша өткізілді.

Байқаудың негізгі мақсаты – оқушылардың пәндік олимпиадаларға қызығушылығын арттыру, ғылыми білімді насихаттау, дарынды балаларды анықтау және олардың зияткерлік әлеуетін дамыту. Сонымен қатар, халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу мен даярлау, елімізде білім беру беделін арттыру көзделген.

Төрт күнге созылған білім додасының қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II және III дәрежелі дипломдармен, сондай-ақ алтын, күміс және қола медальдармен марапатталды. Нәтижесінде 45 оқушы I орын, 76 оқушы II орын, 119 оқушы III орын иегері атанды.

Командалық есеп бойынша екі бағытта да үздік командалар анықталды.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытта Гран-при «NIS» ДББҰ командасына бұйырды. I орын – Алматы қаласы командасына, II орын – Түркістан және Жетісу облыстары командаларына, III орын – Шымкент қаласы, Павлодар, Маңғыстау және Ақмола облыстары командаларына берілді.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша Гран-при Атырау облысы командасына табысталды. I орын «NIS» ДББҰ және Алматы қаласындағы КеАҚ «РФММ» командаларына берілді. II орын – Павлодар және Маңғыстау облыстары командаларына, III орын – Астана қаласы және Ақтөбе облысы командаларына бұйырды.



Олимпиада қорытындысы еліміздегі дарынды оқушыларды қолдау жүйесінің тиімділігін және өңірлер арасындағы білім сапасының жоғары деңгейін көрсетті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ





ЕЛОРДАМЕН ҚАТАР ӨРКЕНДЕГЕН

Бас қаладағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл – тек бір жоғары оқу орнының ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның білім мен ғылым саласындағы биік белесінің мерекесі. 1996 жылғы 23 мамырда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен құрылған университет аз уақыт ішінде елорданың ғана емес, тұтас елдің рухани-ғылыми орталығына айналып, үш онжылдық ішінде мыңдаған жасқа сапалы білім беріп, ұлттық ғылым мен зияткерлік әлеуеттің дамуына өлшеусіз үлес қосты.





Ширек ғасырдан астам уақыт ішінде 100 мыңдай маман даярлаған іргелі университетте қазір 27 мыңнан астам студент білім алуда, ал оқу және ғылыми үдерісті шамамен 3 мың оқытушы мен қызметкер қамтамасыз етеді. Сондай-ақ 200-ден астам білім беру бағдарламаларын жүзеге асырып, жасанды интеллект, инженерия, ядролық физика, биотехнология және басқа да бағыттарда халықаралық ынтымақтастық пен ғылыми зерттеулерді белсенді дамытып келеді.

БАС ҚАЛАМЕН БІРГЕ ДАМЫҒАН

Университеттің қалыптасу жолы мен өркендеу барысы елорда тарихымен тығыз сабақтас. 1997 жылы Есілдің жағасына ірге тепкен Астана қалай жаңарып, өсіп-өркендеп, дамып-көркейіп, заманауи келбетке ие болса, Еуразия ұлттық университеті де сол үдеріспен қатар дамып, халықаралық деңгейде танылған беделді білім ордасы болып қалыптасты.

Қазіргі таңда ғылым мен инновацияның, шығармашылық пен ізденістің тоғысқан ортасына айналған бұл шаңырақтың халықаралық беделі де жыл өткен сайын арта түсті. Университет Жоғары мектеп ғылымдарының халықаралық академиясына, Еуразия университеттері қауымдастығына, ТМД және Балтық елдерінің халықаралық зерттеулер қауымдастығына, сондай-ақ Халықаралық университеттер қауымдастығы мен Еуропалық жоғары оқу орындары қауымдастығына мүше болды. 2005 жылы Болон хартиясына қол қойып, еуропалық білім беру кеңістігіне белсенді кіруге жол ашты.

«Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын» аталымы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын иеленген білім ордасының жетістіктері халықаралық деңгейде де жоғары бағаланды. 2005 жылы Оксфордта «Біріккен Еуропа» халықаралық медаліне ие болса, 2006 жылы Сократ атындағы халықаралық наградамен марапатталды. 2007 жылы «ТМД-ның ең үздік компаниясы» алтын жұлдызын иеленген университет 2010 жылы QS World Universities рейтингі бойынша әлемнің үздік 500 жоғары оқу орны қатарына енген Қазақстандағы алғашқы университет атанса, 2026 жылы бұл көрсеткіш бойынша 317-орынды иеленді. Бұл жетістік университеттің халықаралық беделін арттырып қана қоймай, қазақстандық жоғары білімнің жаһандық білім кеңістігіндегі бәсекеге қабілетін айқын көрсетті. Міне, осындай биік жетістіктерге қол жеткізген жоғары оқу орнының 30 жылдық мерейтойын салтанатты деңгейде атап өту – бір жағынан, университеттің үш онжылдықтағы толағай табыстары мен тарихи белестерін қорытындылау, екінші жағынан, білім мен ғылым саласындағы жаңа мақсаттар мен болашақ даму бағыттарына нық қадам басудың айқын көрінісі. Яғни бұл мерейтой – өткенге тағзым жасап қана қоймай, келешекке деген сенім мен ұлт болашағын тәрбиелеудегі жауапкершілікті терең сезіндіретін маңызды рухани оқиға.

ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН ШЕБЕРХАНА

30 жылдыққа арналған салтанатты іс-шаралар 22 мамыр күні Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жоғары деңгейде аталып өтіп, мерейтой аясында университеттің жетістіктері, ел ғылымы мен біліміне қосқан үлесі кеңінен насихатталды.

Мерейтой бағдарламасы аясында халықаралық Лу Бань шеберханасы ашылып, оның лентасын қию рәсіміне Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Хань Чуньлинь қатысты. Бұл орталық – Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жоғары білікті техникалық кадрлар даярлауға бағытталған Қазақстан-Қытай бірлескен инновация жобасы. Ол Тяньцзинь кәсіптік институтымен бірлесіп жүзеге асырылған және техникалық әрі IT-білім беруді дамытуға, сондай-ақ жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар саласындағы мамандарды даярлауға бағытталған. Сонымен қатар бұл орталық университеттің инновациялық экожүйесін кеңейтіп, халықаралық тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.



30 ЖЫЛДЫҢ ӨНЕГЕСІ, КЕЛЕШЕКТІҢ КЕРЕГЕСІ

Ғылыми кеңестің салтанатты бөлігі театрландырылған прологпен, бейнепрезентациямен және мерекелік флешмобпен жалғасты. ЕҰУ-дың басқарма төрағасы – ректор Ерлан Сыдықов салтанатты жиналыстың беташар сөзін сөйлеп, еліміздің білім, ғылым саласына айрықша үлес қосып жүрген ғалымдарды, оқытушыларды мерейлі 30 жылдық мерекемен құттықтады.

– Биыл аталып өтіп жатқан университет мерейтойы бұл жай ғана күнтізбедегі дата емес, бұл – осында білім алған, еңбек еткен, ұстаздық еткен, армандаған және болашақты бірге қалыптастырған барлық буын өкілдерінің ортақ мерекесі. 30 жыл – үлкен еңбек пен жауапкершіліктің, кәсіби адалдық, білім мен ғылымға қызмет етудің айшықты жолы. Осы уақыт ішінде университет қабырғасында мыңдаған тағдыр тоғысты, ғылыми жаңалықтар жасалды, ұстаздық дәстүр қалыптасты, студенттік армандар қанат қақты. Жарқын бастамалар, батыл идеялар мен күнделікті тынымсыз еңбек университетіміздің бүгінгі беделі мен абыройының негізін қалады, – деп атап өткен ол оқу орнының ұжымына айрықша алғысын білдірді.

АЛЫС-ЖАҚЫННАН ЖОЛДАНҒАН ЫҚЫЛАС

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын жиын барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек оқып берді. Мемлекет басшысы өз құттықтауында Еуразия ұлттық университетінің тәуелсіз Қазақстанмен бірге қалыптасып, бүгінде елдің жетекші жоғары оқу орындарының біріне айналғанын атап өтті. Сонымен қатар жарты ғасырлық тарихы жоқ әлем университеттері арасында ЕҰУ-дың жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгеніне ерекше тоқталып, оқу орнының алдағы уақытта да білім мен ғылым саласындағы көшбасшылық ұстанымын нығайта беретініне сенім білдірді. Президент университет түлектерінің еліміздің түрлі саласында табысты еңбек етіп жүргенін айта келе, ЕҰУ-дың болашақта да бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын маңызды ғылым, білім беру орталығы болып қала беретініне назар аударды.

Әзербайжан, Ресей, Беларусь президенттері де құттықтау хаттарын жіберіп, өңірлік ынтымақтастықты нығайтуға үлкен үлес қосып келе жатқан оқу орындарына алғысын білдірді. Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов, сондай-ақ дипломатиялық корпус өкілдері, шетелдік серіктестер, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, жоғары оқу орындарының ректорлары және ЕҰУ түлектері құттықтау хаттарын жолдады.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі, ЕҰУ түлегі Саясат Нұрбек өз сөзінде университеттің ел ғылымы мен жоғары білім жүйесіндегі орнына ерекше тоқталды. Министр оқу орнының 30 жыл ішінде заман талабына сай білікті де бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды басты мақсат етіп келе жатқанын атап өтті.

Салтанатты жиналыстың соңы ЕҰУ-дағы өнер ұжымдарының концерт бағдарламасымен жалғасын тапты. Айта кетейік, қазіргі таңда аталған оқу орнында 5000 белсенді студент пен 3000-нан астам ерікті біріктіретін «Шаңырақ», «Дала сазы», «Топжарған» сынды жастардың 70-тен аса рухани-шығармашылық, студенттік клубтары жұмыс істейді.

Мерейтой аясында университет аумағында студенттер, оқытушылар, түлектер және қонақтарды біріктірген мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылды. Қатысушылар үшін палау фестивалі, мерекелік концерт, ұлттық ойындар, көрме және интерактивті алаңдар, сондай-ақ ЕҰУ түлектерінің кездесуі өтті. Бағдарламада қазақстандық өнерпаздардың шығармашылық қойылымдары, спорт ойындары мен университеттің көпұлтты мәдениетін және студенттік рухын бейнелейтін мерекелік іс-шаралар қамтылды.



P.S: ***Қазір Қазақстанда жоғары оқу орындары аз емес, жыл сайын көбейіп келеді. Шетелдік оқу орындарының филиалдары да ашылып, білім саласындағы бәсеке күшейе түсуде. Дегенмен тәуелсіз елдің жаңа астанасымен бірге қалыптасып, елордамен қатар қанат жайған Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің орны әрдайым ерекше. Өйткені ЕҰУ – тек білім ордасы ғана емес, елорданың рухани-ғылыми келбетін қалыптастырған, тәуелсіз Қазақстанның зияткер ұрпағын тәрбиелеген маңызды академиялық орталық.***

№61 (4959) 26/05/2026 Сейсенбі

ҚҰРБАН АЙТ ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!



Құрметті отандастар! Қадірлі жамағат! Сіздерді асыл дініміздегі ұлық мейрам – Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын! Баршаңызға мол бақыт, мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен жұмыстарыңызға береке тілеймін!

Құрбан айт намазынан кейін үш күн ішінде жағдайы келген мұсылманға құрбандық шалу – міндет. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Раббыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбандық шал» («Кәусар» сүресі, 2-аят) деп бұйырған.

Бағзы заманнан бері ислам дінін рухани тірегіне айналдырған халқымыз Құрбан айтты айрықша дайындықпен қарсы алған. Малдың ең үлкенін әрі жақсысын құрбандыққа шалып, құрбандық етін көмекке мұқтаж жандарға тарату, қонақ күтіп, үлкеннің батасын алу, сыйлық-кәде беру, ренжіткен жанды кешіру, отбасын қуанышқа кенелту сынды амалдар – дәстүрімізде қалыптасқан ізгі құндылықтар.

Құрбан айт – иісі мұсылман баласының ең ұлық мерекелерінің бірі. Өйткені ол – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы терең жатыр. Ибраһим пайғамбардан (оған Алланың сәлемі болсын) бастау алатын бұл мереке Алланың әміріне шексіз мойынсұнудың нағыз көркем үлгісін паш етеді.

Аллаға деген шынайы адалдық пен мойынсұнуға тәрбиелейтін бұл мейрам мұсылман баласын тақуалыққа жетелейді. Бұл туралы қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят) делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Құрбан айт – Жаратқанға жақындаудың, тақуалық пен жан тазалығын арттырудың, мұқтажға қол ұшын созып, сауапқа кенелудің мерекесі. Айт күндері адамдар бір-біріне кешіріммен қарап, бауырмалдық пен жанашырлықтың, татулық пен бірліктің көркем үлгісін көрсетеді. Осыған орай Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Құрбан айт күндері «Айт – татулық мерекесі» татуласу акциясын ұйымдастырады. Мұндағы мақсатымыз – араздасқан ағайынды, бір-бірімен ренжіскен жандарды татуластыру. Сондықтан мол сауап жазылатын қасиетті күндерде бір-бірімізді кешіріп, кеңшілік жолын ұстанайық, ағайын!

Алла қаласа, айт күндері «Құрбан айт – ұлық мереке» тақырыбында республикалық деңгейде игі іс-шаралар ұйымдастырылады. Облыстық, қалалық және аудандық мешіттердің ауласында киіз үйлер тігіліп, ұлттық спорт түрлерінен арнайы сайыстар ұйымдастырылады. Жер-жерде мәдени-рухани кештер өтеді. Осы ретте еліміздегі барша жамағатты ұлттық киімдерімізді киіп, айт мерекесін дәстүрімізге сай ұлттық нақыштармен өткізуге, игі бастамаларымызға белсенді түрде атсалысуға шақырамын.

Құрбан айт – тек діни мереке ғана емес, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтатын, қайырымдылықты паш ететін рухани мейрам. Осы орайда еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айтта мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, оңтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға үндеймін.

Ардақты ағайын! Өздеріңіз білесіздер, Құрбан айтты атап өтудің негізгі мақсаты – мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірнеше жылдан бері халыққа қолайлы әрі ашық қызмет көрсету мақсатында еліміз бойынша qurban.muftyat.kz онлайн-құрбандық платформасын жүзеге асырып келеді. Бұл жоба ҚМДБ бастамасымен 2020 жылдан бері тұрақты түрде жұмыс істеп, жыл сайын техникалық тұрғыда жаңартылып, жетілдірілуде. Онлайн-құрбандық жобасының негізгі мақсаты – азаматтарға құрбан шалу рәсімін заманауи цифрлық форматта оңай әрі сенімді түрде орындауға мүмкіндік беру, сондай-ақ мұқтаж отбасыларға көмек көрсетуді жүйелі ұйымдастыру. Игі бастама аясында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Құрбан айт күні республика деңгейінде қайырымдылық іс-шараларды жүзеге асырады. Барша халықты сауапты іске үлес қосуға үндеймін. Алланың рақым нұры төгілетін берекелі сәттерде халқымызға жақсылық жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленейік.

Қасиетті айт күндері әр шаңыраққа береке, әр отбасыға амандық тілеймін. Алла Тағала шалған құрбандықтарыңызды, жасаған дұға-тілектеріңіз бен игі амалдарыңызды қабыл етсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Жаратқан Иеміз халқымызға бақ-береке, мол ризық, ынтымақ пен татулық нәсіп етсін! Құрбан айт мерекесі құтты болсын!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти



ІЗГІЛІК МЕЙРАМЫ

Мұсылмандар үшін қасиетті Құрбан айт мерекесі келіп жетті. Ал иісі мұсылман қауым бұл күнді айрықша қастерлеп келеді. Құрбан айттың мән-мағынасын түсіну, қағидаларын ескеру мақсатында сан-салалы айтылып жүрген ой-пайымдар көп. Осының бәрін бір арнаға тоғыстыру, мәнін ұғыну үшін Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Төрәлі ҚЫДЫРДЫ әңгімеге тартқан едік.



– Құрбан айт мерекесінің түпкі мән-мағынасы неде?

– Ислам дінінде үлкен екі мереке бар. Біріншісі – Рамазан айы біткеннен кейін келетін Ораза айт. Екіншісі – Ораза айт біткен соң, 70 күннен кейін келетін Құрбан айт. Негізі, араб тілінен аударғанда айт «мереке», «мейрам» дегенді білдіреді. Ал құрбандық «жақындау» деген мәнге ие. Өзінің жасаған амалдары арқылы Жаратқанға жақындау деген мағына береді. Түпкі мәні жомарттық, кедей-кепшіктерге көмектесу деген ізгі амалдарға негізделген. Ең әуелі ниет тазалығы, құрбандық шалу, мұқтаж жандарға тарату да игі амалдарды құрайды. Осы мерекеде ағайын-туыс, құда-жегжатты шақырып, ет асып, бір дастархан басында дидарласу ғанибет деп есептеледі.

Діни риуаяттарға қарағанда, Ибраһим пайғамбардың Исмаил пайғамбарға жасаған сынағы, яғни Ибраһим пайғамбарға ең жақсы көретін нәрсеңді құрбандыққа шал деп сынақ келген. Сөйтіп Құдай жолында құрбандық шалуға дайын екенін көрсеткенде, көктен қошқар түсіпті. Содан бастап құрбан шалу міндет амалдардың бірінен саналады.

Халық ауыз әдебиеті, жазба әдебиетімізде де көптеген қисса-дастан тараған. Соның ішінде Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидің «Исмаил» қиссасында осы құрбандық кеңінен қамтылған. Бұл еңбек Қарахандар дәуірінде жазылған. Халқымыз Алтын Орда, Қазақ хандығы, кешегі Патшалық Ресей, бүгінгі дербестік кезеңінде де құрбандық шалып келді.

– «Онлайн-құрбандық шалу» ұғымы қолданысқа еніп келеді. Бұл шариғат қағидаларына сәйкес келеді ме?

– Онлайн-құрбандық – 2019-2020 жылдары әлемді шарпыған коронавирус пандемиясы кезінде іске қосылды. Өзінің оң нәтижесін бергендіктен, бүгін де жалғасын тапты. Себебі кейбір адамдар сапарда, басқа қалада әртүрлі жағдайда болуы мүмкін. Сол кезде сіз қашықтан отырып «онлайн-құрбандық шала» бересіз. Шалынып жатқан кезде басында болу шарт емес, ең бастысы ниетіңіз арқылы атыңыздан құрбандық шалынғаны жеткілікті. Мәселен, сонау Еуропадағы қазақтар «онлайн-құрбандық шалуға» тапсырыс берсе болады. Өздері келуі шарт емес. 2020 жылдан бастап Наурызбай қажы Тағанұлының тікелей бастамасымен мүфтият сайтында «онлайн-құрбандық» деген жүйе ашылған. Онда ұсақ мал бір адамға, ірі қара мал жеті адамға дейін жарайды. Соған жүгініп, тапсырыс беріп, тиісті қаражатын төлесеңіз болғаны. Мамандар байланысқа шығып барлығын түсіндіріп, құрбандық шалынғанының есебін береді. Әлеуметтік желі, цифрлық платформа, жасанды интеллект дамыған біздің қоғамда барлық нәрсе қолжетімді. Бұл – ең оңтайлы тәсіл. Сондықтан ислам діні заманауи техникамен келетін дамуды мансұқтамайды. Оның жақсы жақтарын алып, өзіне пайдаланады. Онлайн-құрбандық шалу да соның нәтижесі іспетті.

– Жылда Құрбан айт қарсаңында қойдың, ірі қараның бағасы шарықтап кетеді. Ізгі амал, мол табыс тауып қалу көзі емес еді ғой...

– Әрине, жылда Құрбан айт жақындағанда құрбан шалатын қой, ешкі, түйе, сиыр сияқты мал бағасы өсіп кетіп жатады. Бұған мүфтият тоқтау сала алмайды. Осыған байланысты жылда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының тарапынан кәсіпкерлерге үндеу тасталады. Кейбір кәсіп иелері құлақ асса, біршамасы қалтасының қамын ойлап кетеді. Осындай ізгі діни амал кезінде бас пайдадан гөрі сауапты ойласа екен дейміз. Кәсіпкерлеріміз бағаны халықтың жағдайына қарап белгілесе – өзіне де, шалушыға да сауап.

> Ислам дінінде үлкен екі мереке бар. Біріншісі – Рамазан айы біткеннен кейін келетін Ораза айт. Екіншісі – Ораза айт біткен соң, 70 күннен кейін келетін Құрбан айт. Негізі, араб тілінен аударғанда айт «мереке», «мейрам» дегенді білдіреді. Ал құрбандық «жақындау» деген мәнге ие. Өзінің жасаған амалдары арқылы Жаратқанға жақындау деген мағына береді

– Қоғам тарапынан «төрт түлікті көптеп сою, қан шығарудан басқа балама жолы қандай, ысырапқа жол беріп жатқан жоқпыз ба?» деген уәждер айтылып жатады. Бұл пікірге қалай қарайсыз?

– Қоғамда сауап-амал жасаудың түрі көп. Дін дегеніміз құрбандық, құлшылықтан ғана тұрмайды. Жұртқа жақсылық жасау, жылы жүзбен қараудың өзі сауапқа кіреді. Бірақ әр құлшылықтың өз орны бар. Сондықтан құрбандық шалуға шамасы келмейтіндер болса, басқа да құлшылық амалын жасай беруіне болады. Бұл құрбандық шалу шамасы келгендерге ғана бағытталады. Ал жағдайы жоқтарға міндетті емес. Әркім қалтасына, шамасына қарай құрбандық шалғаны дұрыс. Әр амалдың өз жолы бар. Құрбандық – бай мен кедейдің арасын жалғайтын алтын көпір. Сол құрбандықтың етін мұқтаж жандарға да таратып жатады. Құрбандық шалу арқылы басқа жандардың жағдайын ойлайсыз деген сөз.

– Қазіргі таңда қол-аяғы бүтін, зіңгіттей адамдар қайыр сұрайды. Жалпы қайыр сұрау біздің қоғамда көбейіп, масылдық деңгейіне дейін түсіп жатқан жоқ па?

– Кейінгі кездері қоғамда қайыр сұрау жағдайы жиі көрініс беріп жатыр. Әсіресе мешіттер, киелі жерлер, қасиетті мекендердің айналасында бой көрсетіп жатады. Кейбірлеулер жоқшылықпен амалсыз сұрап жатса, кейбірі соны кәсіпке айналдырып алған. Еліміз тарапынан әртүрлі қолдау көмектері көрсетіледі. Мысалы, үлкен кісілер зейнетақы, жәрдемақы алса да, қайыр сұрап тұратынын көзіміз көреді. Қолынан келген жәрдемін аямайтындар да табылады. Әлбетте, мешіттерде қайыршыларға, жоқ-жітіктерге көмек беріліп тұрады. Бұл жыл бойына бір адамға ғана беріліп тұрсын деген сөз емес. Әрине, дінімізде де көмек беру жағы қарастырылған. Ол бізде зекет, садақа, пітір түрінде беріліп тұрады. Әйтсе де оның бәрін белгілі бір кәсіпке айналдырып алуға болмайды. Қол-аяғы сау, жұмыс істей алатын адамдардың өздері еңбектенгені абзал. Дінде де «Алаған қолдан береген қол жақсы» дейді. Сол себепті өз еңбегімен тапқан дүниеге ештеңе жетпейді. Қайыршылық кәсіп емес.

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ



ДЕМАЛУШЫЛАР ДӘН РИЗА

«Мұнда таза ауамен демалады, емделеді әрі спортпен шұғылданады», – Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы мемлекеттік мекемесіне қарасты Қатаркөл сауықтыру орталығы бас директорының бірінші орынбасары Роллан Дүйсенбай әңгімесін осылай бастады.

Реті келгенде айта кету керек, Роллан Мейрамұлы – еркін күрестен КСРО спорт шебері, кезінде дүбірлі жарыстарда сан мәрте жеңіс тұғырына көтерілген, спорт десе еленděп тұратын азамат. Сауықтыру орталығына емделуге келген жандар таңертең тұра салып түрлі жаттығу жасайды, себебі жаттығу жасайтын арнайы бөлмелер қашан келсең де дайын. Тренажер залында жаттығу жасайтын құралдардың барлығы бар. Мекемеде қызмет ететін 200-ге тарта адамның барлығы – өз ісінің маманы. Шипажайдың музыкалық жетекшісі, әнші, продюсер Біржан Хамзиннің іскерлігі нәтижесінде аптаның әр күні би, спорт жарысы өтіп тұрады.

Жақында ғана шахматтан турнир өтті. Оған 9 демалушы қатысты. Шахматты жанына серік еткендер спорттың бұл ғажап түрін ермек үшін емес, тәрбиелік жағы мен пайдасын ескерген сияқты. Мәселен, Бейбіт Адайхан Моңғолияда жүргенде де спорт жарысына тұрақты қатысыпты. Шеберлігін паш етіп қарсыластарының барлығынан басым түсіп, жеті ұпаймен чемпион атанды. Гран-приді иеленген Бейбітке жарысты тамашалаушылар алғысын айтты. Осы жарыстың бас төрешісі Серікқали Тұрсынбеков бірінші орынды иеленген Қорлан Атушеваның турнирді өткізуге белсене араласқанын тілге тиек етті. Саят Абатов деген зейнеткер де шахматтың қыр-сырын жетік меңгергенін аңғартты. Ол үшінші орынды иеленді.

Демалушылар арасында үстел теннисінен өткен турнирде В.Казарин қарсыластарының барлығын айқын басымдықпен ұтып, чемпион атанды. О.Қамзин, Т.Таурбаев екінші, үшінші орындарға ие болды.

Емделушілерге өнер адамдары бірнеше тартымды ән, күй кештерін сыйлады. Атап айтқанда, Бурабайдан Өмірзақ Құрбанов, Әйгерім Абайдуқызы, Алтын Азнабаева, Гүлім Құдысбек сияқты танымал әншілердің әндеріне жиналғандар разы.

Сауықтыру орталығының бас директоры Роза Қалиеваның айтуынша, мұнда медициналық қызметтің 50-ге тарта түрі бар. Тұзды су, магнитті терапия, балшықпен, парафинмен булау, массаж, емнің басқа да түрлерін демалушылар анықтама қағазы бойынша ала алады. Өз мамандығын шебер меңгергендер қатарында Л.Қабиқызы, Р.Валиуллин, З.Хасенова және тағы басқаларды атады бас дәрігер. Қорыта айтқанда, Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мемлекеттік мекемесіне қарасты Қатаркөл сауықтыру орталығы қызметіне демалушылар алғысын айтуда.

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
журналист,
Ақмола облысы





Суреттерде: сахнадан көрініс, 30 жылдық еңбек өтілі бар массаж жасаушы Ләззат Қабиқызы, шахмат турнирінен көрініс.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Ербол Жолданғармен сұхбат



– Ербол Қабдығалиұлы, мемлекеттік қызметтер адам өмірінде қандай орын алады?

– Әр адам өмір бойы мемлекеттік қызметтермен үнемі бетпе-бет келеді. Туу туралы куәлік алудан бастап, баланы балабақшаға немесе мектепке орналастыру, емханаға тіркелу, жәрдемақы рәсімдеу, анықтама алу, жылжымайтын мүлікті тіркеу сияқты және басқа да өмірлік маңызды қызметтердің барлығы осы салаға жатады.

– Ербол Қабдығалиұлы, мемлекеттік қызмет көрсетуде жиі орын алатын кемшіліктер қандай және азаматтар өз құқығын қалай қорғай алады? Осы мәселеге тоқталып өтсеңіз.

– Тәжірибеде мемлекеттік қызмет көрсету барысында бірқатар бұзушылық кездеседі. Олардың ішінде қызмет көрсету мерзімінің бұзылуы, артық құжаттар талап ету, қызмет көрсетуден заңсыз бас тарту, сондай-ақ азаматтарға толық әрі нақты ақпарат бермеу жағдайлары жиі орын алады. Мұндай мәселелер азаматтардың құқығының бұзылуына әкелуі мүмкін. Азаматтар мемлекеттік қызмет көрсету барысында құқығы бұзылған жағдайда бірнеше жолмен шағымдана алады. Атап айтқанда, уәкілетті органға жазбаша немесе электрондық түрде жүгіну, «электрондық үкімет» порталы, «E-Otinish» бірыңғай платформасы, сондай-ақ «EgovKzBot2.0» Telegram-боты арқылы өтініш жолдау мүмкіндігі бар. Сонымен қатар азаматтар тікелей аумақтық департаментке жүгініп, өз мәселесін көтере алады.

– «EgovKzBot2.0» Telegram-боты арқылы келген сұрақтар және өтініштер бойынша департаменттің жұмысы қалай атқарылады?

– Азаматтардың құқығын қалпына келтіру, мемлекеттік қызмет сапасына қанағаттануын арттыру және жүйеге сенімін нығайту мақсатында азаматтардың өтінішін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай «EgovKzBot2.0» Telegram-боты жұмыс істейді. Айта кетсек, осы жыл басынан бастап 100-ден аса әр түрлі сұрақ бойынша шағым келіп түсті және департамент тарапынан азаматтарға тиісті түсініктеме мен жауаптар беріліп, оның ішінде 5 адамның мәселесі нақты шешіліп, құқығы қалпына келтірілді. Мысалы:

Қызмет көрсету мерзімін сақтамау

Департаментке бір азаматшадан баласын емханаға тіркей алмай отырғаны туралы шағым түсті. Қызмет алушы сәуір айының басында баласын тіркеуге өтініш жолдағанымен, жауаптың кешігуіне және күту уақытының созылып кетуіне байланысты медициналық көмек ала алмайтынын баяндаған. Департамент тарапынан жүргізілген жұмыстар мен құзыретті органға жолданған сұраныстар нәтижесінде азаматшаның бұзылған құқығы толық қалпына келтірілді. Атап айтқанда, баласы емханаға тіркеліп, тіпті дәрігердің қабылдауына да жазылды. Осылайша, департаменттің араласуымен мемлекеттік қызмет көрсетудегі кедергілер жойылып, мәселе оң шешімін тапты.

Асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақыны алу үшін өтінішке қызмет көрсету нәтижесінің кешіктірілуі

Telegram-ботқа бір азаматшадан мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің бұзылуына қатысты шағым түсті. Қызмет алушы 2026 жылдың 2 наурызында асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға өтініш бергенімен, 26 наурызға дейін ешқандай жауап ала алмағанын жеткізген. Департаментпен қабылданған шаралар барысында, уәкілетті органның мәліметі бойынша, азаматшаның өтінімі ақпарат жүйелеріндегі техникалық ақауларға байланысты қызмет берушіге жетпегені анықталды. Осыған байланысты азаматшаға өтінімді қайта жолдау немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы жүгіну ұсынылды. Бұл жағдай мемлекеттік органның бақылауына алынып, қызмет алушыға өз құқығын «e-Otinish» порталы немесе департаментке тікелей жүгіну арқылы қорғау мүмкіндігі түсіндірілді.

– Бақылау жұмысының қорытындысы қандай?

– Жалпы алғанда, біздің бақылау жұмыстарымыз мемлекеттік қызмет көрсету саласында әлі де екі негізгі кедергінің бар екенін көрсетіп отыр, олар: адами фактор және техникалық олқылықтар. Біріншіден, кейбір жағдайларда қызмет берушілер тарапынан істі созбалаңға салу немесе негізсіз талаптар қою деректері кездеседі, бұл азаматтардың заңды құқығының бұзылуына әкеп соғады. Мұндай кезде тікелей араласуымыз мәселенің жедел шешілуіне және жауапты тұлғалардың жауапкершілігін қарастыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, ақпарат жүйелеріндегі техникалық ақаулардың салдарынан өтінімдердің дер кезінде өңделмеуі – жиі кездесетін мәселе. Қорытындылай келе, департаменттің бақылау жұмысы мемлекеттік органдардың жұмыс сапасын арттырып, қызмет алу процесіндегі бюрократиялық кедергілерді жоюға бағытталған. Біз үшін ең басты көрсеткіш – заң аясында әрбір өтініштің сапалы әрі дер кезінде орындалуы.

– Ербол Қабдығалиұлы, әңгімемізді түйіндей келе, оқырманға айтар негізгі ойыңыз қандай? Мемлекеттік қызмет сапасын жақсартудағы басты түйін не?

– Қорытындылай келе, қызмет алушылардың бұзылған құқығын қалпына келтіру – бұл тек мемлекеттің міндеті ғана емес, азаматтар мен жүйе арасындағы сенімнің негізі. Әрбір азамат сапалы мемлекеттік қызмет алуға құқылы және біздің департамент осы құқықтың іс жүзінде орындалуын басты назарда ұстайды. Егер мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқығыңыз бұзылған жағдайда, департаментке Сарыарқа даңғылы, 13 мекенжайы бойынша жазбаша немесе электрондық түрде «E-Otinish» азаматтардың барлық өтінішін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «электрондық үкімет» порталы арқылы жүгіне аласыз, сондай-ақ «EgovKzBot2.0» Telegram бот-платформасы арқылы да хабарласуға мүмкіндік бар. Департаменттің әлеуметтік желідегі парақшалары халық үшін әрдайым ашық, біз кез келген сұраққа жауап беруге және азаматтардың мәселесін шешуге әрқашан дайынбыз.

ӘРБІР ӘЙЕЛ НЕНІ БІЛУІ ТИІС?

Қазіргі заманда АИТВ тақырыбы өзектілігін сақтап отыр, әсіресе оны әйелдер денсаулығы тұрғысынан қарастыру маңызды. Медицинаның дамығанына қарамастан, адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) туралы әлі де көптеген мифтер мен қорқыныштар бар. Бұл мақала негізгі деректерді түсінуге, өзіңізді және жақындарыңызды қалай қорғау керектігін білуге көмектеседі.

АИТВ деген не?

АИТВ иммундық жүйені зақымдап, ағзаның инфекциялар мен ауруларға қарсы күресу қабілетін әлсіретеді. Ем қабылданбаған жағдайда, АИТВ кезеңі ЖИТС (жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы) сатысына өтуі мүмкін.

Неліктен әйелдер осал?

Әйелдер бірнеше себепке байланысты АИТВ жұқтыру қаупіне көбірек ұшырауы мүмкін:

– биологиялық факторлар: қорғаныссыз жыныстық қатынас кезінде вирустың берілу ықтималдығы әйелдер үшін жоғары;

– әлеуметтік факторлар: қарым-қатынастағы теңсіздік қауіпсіз жыныстық қатынас мәселесін талқылауға кедергі келтіруі мүмкін;

– экономикалық тәуелділік: бұл кей жағдайда әйелдің өзін қорғау мүмкіндігін шектейді.

АИТВ жұғу жолдары

АИТВ тек белгілі бір жолдармен беріледі: қорғаныссыз жыныстық қатынас; қан арқылы (мысалы, стерильді емес құралдарды қолданғанда); жұқтілік, босану немесе емшек сүті арқылы. Вирус құшақтау, сүйісу, ортақ ыдыс-аяқтарды пайдалану, жәндіктердің шағуы немесе тұрмыстағы байланыс арқылы берілмейді.

Белгілері және диагностикасы

АИТВ ерте кезеңде ешқандай белгі бермеуі мүмкін. Өз мәртебеңізді білудің жалғыз сенімді жолы – тестілеуден өту. Тұрақты тексерілу, әсіресе белсенді жыныстық өмір сүретін әйелдер үшін маңызды.

АИТВ және жүктілік

АИТВ-мен өмір сүретін әйел дүниеге дені сау бала әкеле алады. Дер кезінде ем қабылдап, дәрігер бақылауында болған жағдайда, балаға вирус жұқтыру қаупі барынша төмендейді. Заманауи антиретровирустық препараттар вирусты бақылауда ұстауға және өмір сапасын сақтауға мүмкіндік береді.

Алдын алу

Негізгі қорғану шаралары:

– барьерлік контрацепция құралдарын (мүшекәп) пайдалану;

– тұрақты түрде тестілеуден өту;

– есірткі қолданудан және ортақ инелерді пайдаланудан бас тарту;

АИТВ-мен өмір сүру

АИТВ – бұл созылмалы бақылауда болатын ауру. Қазіргі заманғы емдеу әдістерінің, соның ішінде антиретровирустық терапияның арқасында АИТВ-мен өмір сүретін адамдар ұзақ әрі сапалы өмір сүре алады, жұмыс істеп, отбасы құрып, жүктілікті жоспарлап, дүниеге дені сау бала әкеле алады.

Терапияны тұрақты қабылдау нәтижесінде вирустық жүктеме анықталмайтын деңгейге дейін төмендеуі мүмкін. Бұл адамның денсаулығын сақтап қана қоймай, вирусты басқа адамдарға жұқтыру қаупін іс жүзінде жояды.

Инфекцияны дер кезінде анықтау, емдеуді ерте бастау және дәрігердің айтқанын қатаң сақтау – негізгі шарт. Сонымен қатар психологиялық қолдау мен диагнозды қабылдау адамның өмір сапасы мен әлеуметтік белсенділігін сақтауда маңызды рөл атқарады.

Қолдау және стигмамен күрес

Медицина жетістіктеріне қарамастан, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты кемсітушілік, айыптау және әлеуметтік оқшаулану әлі де кездеседі. Стигма қоғамда да, жақын ортада – отбасында, жұмыс орнында, тіпті медициналық көмекке жүгінген кезде де көрінуі мүмкін. Әсіресе осал топқа әйелдер жатады, өйткені оларға ана болу, отбасындағы рөл және «отбасы денсаулығына жауапкершілік» сияқты әлеуметтік стереотиптер қысым көрсетуі мүмкін. Бұл өз мәртебесін ашудан қорқуға, тестілеуден бас тартуға немесе ем қабылдамауға әкелуі ықтимал.

АИТВ адамның тұлғасын анықтамайды және кемсітушілікке негіз бола алмайды. Қолдау, құрмет және шынайы ақпарат – толерантты қоғам қалыптастырудың негізі. Стигманы азайту халықтың ақпараттану деңгейіне тікелей байланысты: адамдар АИТВ жұғу жолдары мен емдеу мүмкіндіктері туралы неғұрлым көп білсе, соғұрлым қорқыныш пен теріс көзқарас азаяды.

Қауіпсіз және қолдаушы орта құру әйелдердің дер кезінде медициналық көмекке жүгінуіне, емді сақтауына және белсенді әлеуметтік әрі отбасылық өмір сүруіне мүмкіндік береді. Ақпараттандыру мен төзімділік – стигманы төмендетудің негізгі кілті.

АИТВ-ға тестілеуден Астана қаласы, І.Есенберлин көшесі, 5/1 мекенжайы бойынша АИТВ инфекциясының алдын алу орталығында өтуге болады. Қосымша ақпаратты немесе сұрақтарыңызға жауапты 57-67-20, 38-07-02 сенім телефондары арқылы, сондай-ақ Астана қаласы АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының www.kazaids.kz ресми сайтынан алуға болады.

Б.ҚҰЛТАНОВА,
Астана қаласы
АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы эпидемиологиялық бөлімінің меңгерушісі

Газетіміздің келесі саны 2026 жылғы 30 мамыр күні шығады.

№61 (4959) 26/05/2026 Сейсенбі



ТӘҢІРТАУ ТҮЛЕГІНІҢ ТУЫНДЫЛАРЫ

Ұлттық академиялық кітапханада мемлекет және қоғам қайраткері, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор, елші-дипломат Әділ Ахметтің 85 жасқа толуына орай «Тәңіртау түлегі» атты шығармашылық кездесу және оның кітаптарының таныстырылымы өтті.



Іс-шараға Парламент депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, ғалымдар қатысты. Мерейтой иесіне Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хатын аталмыш министрліктің Кітап ісі басқармасының басшысы Алмаз Мырзахмет оқып берді. Мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, ҚР ҰҒА академигі Бауыржан Омаров, Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп, журналист-жазушы, ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижанұлы, т. б. жылы лебізін жеткізді.

Жиында Әділ Ахметовтің «Жаһанданған әлемнің геосаясаси келбеті» атты монографиясының екінші басылымы, сондай-ақ «Викиңдердің ізімен», «Колумб дәуірінен бұрынғы Американың үндістердің Алтайлық тегі», «Алтайские корни Американских индейцев доколумбовой эпохи» атты еңбектері таныстырылды.

«Жаһанданған әлемнің геосаяси келбеті» монографиясында автор әлемдік саясаткерлер мен Нобель сыйлығы лауреаттарының қазіргі жаһандану үдерісіндегі геосаяси көзқарасы мен тұжырымын саралайды. Кітап халықаралық қатынастар, саясаттану және дипломатия саласына қызығушылық танытатын мамандар мен жас зерттеушілерге арналған.

Ал «Викиңдердің ізімен» еңбегінде ежелгі скифтер мен викиңдер өркениетінің тарихи сабақтастығы антропология, археология, генетика, палеолингвистика секілді ғылым салаларының деректері негізінде қарастырылады. Автор көне скандинавиялық викиңдердің тамыры ежелгі Скифия өркениетімен байланысты болуы мүмкін деген ғылыми пайымдарды ұсынады.

Қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген «Колумб дәуірінен бұрынғы Американың үндістердің Алтайлық тегі» және «Алтайские корни Американских индейцев доколумбовой эпохи» монографияларында Америка құрлығына көне дәуірлерде Алтай өңірінен қоныс аударған байырғы тайпалардың антропогенездік болмысы ғылыми тұрғыда зерделенеді.

ОТАН ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ...

Астанадағы Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейде Гүлжамал Байменованың «Отан деп соққан жүрегім» кітабының тұсаукесері өтті. Іс-шара барысында Гүлжамал Пердебайқызының ұстаздық жолы, білім беру ісіндегі тәжірибесі жөнінде пікірлер айтылды.



Салтанатты іс-шараға қоғам қайраткерлері Сабыр Қасымов, Әсима Бимендина, сондай-ақ ғылым, білім және мәдениет саласының өкілдері мен мектеп директорлары қатысты. «Отан деп соққан жүрегім» – қырық жылға жуық ұстаздық және басқарушылық тәжірибені жинақтаған мектеп директорының эссе, сырласу, естелік, тәжірибемен бөліскен әдістемелік еңбегі.

– Гүлжамал Пердебайқызының бұл кітабы қолымызға тиіп отыр. Автор білім мен тәрбиені Отанға қызмет етудің басты жолы деп пайымдайды. Кітапта ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жүйесі, мектеп басқару тәжірибесі және патриоттық рух қалыптастыру мәселелері қамтылған. Бұл еңбек – ұстаздың азаматтық ұстанымы мен ел болашағына деген жауапкершілігінің айғағы. Кітапты оқып шықтым және оқуға тұрарлық дүние деп айта аламын, – деді Ұлттық құрылтай мүшесі, академик Кәрімбек Құрманәлиев.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлттық білім саласындағы тәрбие жұмысында біртұтас жүйе болуы керек. Жас ұрпақтың бойына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру қажет» деген болатын. Бұл кітаптағы негізгі идеяларды да осы ұстаныммен үндестіруге тырыстым. Ұлттық тәрбие мен сапалы білімнің маңызы терең екенін жақсы білесіздер. Сондықтан бұл кітап басқарушылық қызметіне кірісіп жатқан жас мектеп басшыларына, педагогтарға, жас мамандардың кәдесіне жарайды деп айтқым келеді. Қандай игі іс жасалса да, ол ең алдымен Отан үшін жасалуы тиіс деп санаймын. Отанға қызмет ету – әр адамның перзенттік борышы. Ал сол борышты адал атқару – өмірдің ең үлкен абыройы әрі шынайы жеңісі. Бұл кітап – жан дүниемнің сыры, – деді кітап авторы, Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицей директоры Гүлжамал Байменова.

АЛАШТЫҢ АРДА АҚЫНЫ АРДАҚТАЛДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында көрнекті ақын, драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлының 80 жас мерейтойына арналған «Аспанның асты – Астана» атты ән-жыр кеші өтті.



Серік Тұрғынбекұлы Есіл жағасына жаңа астана орнағанда елордаға алғашқы лекпен көшіп келді. Бас қаланы көп жырлаған ақындардың бірі ғана емес, бірегейі. Осында Қалибек Қуанышбаев театрының әдебиет бөлімін, он жыл бойы Сәкен Сейфуллин музейін басқарды. Кештің басында Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп қала басшысының құттықтауын жеткізіп, ақын мен оның жарына құрмет көрсетті.

Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры мен Музыкалық жас көрермен театрының әртістері ақынның рухты жырларымен қатар лирикасын оқыды. Филармония әншілері өлеңдеріне жазылған әндерді әуелетті. Белгілі әдебиет сыншысы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Амангелді Кеңшілікұлы сахнаға көтеріліп, Серік ақынның болмысынан хабар беретін оқиғаны айтып, ақындық алымына тоқталды.

Серік Тұрғынбекұлының «Қобыз» атты алғашқы жыр жинағына ақиық ақын Мұқағали Мақатаев алғысөз жазды. Кеш иесі Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, т. б. көрнекті ақындардың тәлім-тәрбиесін көрді. Ал драматургияға келуіне театр реформаторы Әзірбайжан Мәмбетовтің ықпалы болды. Ақын майталман музыкант Нұрғиса Тілендиевпен де көп араласып, оның күйлерін жырға қосты. Ақынның ағаларына құрметі ретінде Қазақстанның халық әртісі Майра Ілиясова Оспанхан Әубәкіровтің өлеңіне жазылған Әсет Бейсеуовтің «Ағаларым» әнін шырқап, «Қорқыт» этноансамблі Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқисса» күйін күмбірлетті.

Серік Тұрғынбекұлының өлеңдеріне жалпы 200 ән жазылды. Бір Әсет Бейсеуовпен шығармашылық бірлестігінен 70 ән туды. Сол әндердің біразы жұртқа танымал, ел аузында десек те болады. Атап айтқанда, «Түркістан», «Аққөлден ұшқан аққулар», «Жан гүлім», «Ұшады Маңғыстаудан шағалалар», «Менің дағы бір аққуым бар шығар», «Туған жерім тамаша», «Жолың болсын, жолаушы», т. б.

Серік ақынның жырларына Еркеғали Рахмадиевтен бастап Әсет Бейсеуов, Кеңес Дүйсекеев, Сейдолла Бәйтереков, Алтынбек Қоразбаев, Төлеген Мұхамеджанов, Жоламан Тұрсынбаев, Марат Омаров, Марат Ілиясов, Тілеуғали Қышқашбаев, Есжан Әміров, Шолпан Қорғанбек, т. б. композиторлар, тіпті Ақселеу Сейдімбекке («Арай күн») дейін ән жазды. Кеште әндерді Қазақстанның халық әртісі Айгүл Қосанова, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бағдат Сәмединова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Сембек Жұмағалиев, Гүлмира Сарина, Арайлым Рахымқызы және Медет Шайкелов, Зарина Омарова, Толқын Нұртасқызы, «Dala Sound» квартеті, Құралай Мейрамбек, Айдын Жұмабай, Қанат Ражанов, астаналық филармонияның камералық хоры, «Айналайын» балалар хоры әуелетті. Кеште жаңа әннің де тұсауы кесілді. Серік Тұрғынбекұлының өлеңіне жазылған Мәди Артығалиевтың «Торғын туралы толғау» туындысын Сырым Мұхаметжанов салды.

Серік Тұрғынбекұлын драматург ретінде де білеміз. Оның қаламынан «Абай-Біржан», «Кейкі мен Амангелді», «Мұқағали», «Шәмші», «Сәкеннің соңғы көктемі», «Нұрхан» драмалары туды. Бір «әттеген-айы» драмалық шығармаларынан бірде-бір үзінді көрсетілмеді. Кештің бір олқы түскен тұсы осы болды. Бірақ бұл мерейтой тұсында ақын туралы «Алаштың арда ақыны» және «Қойындәптер» атты қос кітап жарық көрді. Ақынның тойы әлі де туған жері Қостанай облысында, талай талантты тудырған Тобыл-Торғай төрінде жалғасады.



Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

РОЗА РЫМБАЕВА – «50 ЖЫЛ САХНАДА»

27/05 19:00

QAZAQCONCERT



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 61

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ASTANA AQSHAMY